

«Отаным менің-Қазақстан!»

«Ақжселкен» арнайы түзету тобы

Өткізген:Сүегенова.Ә.С.

Қазыбаева.М.А.

2023-2024 оқу жылы



«Менің Отаным-Қазақстан!»

Мақсаты; Балалардың еліне, жеріне деген қамқорлықтарын арттыру, патриоттық есімдерін ояту. Ұлтқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру.

Тәрбиеші: Балалар 25 қазан Республика күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Баршаңызға отбасылық бақыт, дендеріңізге саулық, еңбектеріңізге, мерекелік шат көңіл тілеймін.

Алтай арасы

Қазақтың шалқар даласы

Республикама қарашы!

Жерімнің дәні маржандай

Қырманы асқар таулардай

Республикама қарашы!

Шолсаң да биік аспаннан

Қарқырар кені тастардан

Республикама қарашы!

Шырқаған сайын тірегі

Республикама қарашы!

- **Әнұран.**

Құрметті балалар! Бүгінгі біздің 25 қазан Республика күніне арналған «Мен Отаным - Қазақстан» атты тәрбие сағатымызға белсене қатысуларыңызды сұраймын.

Тәрбиеші; - Отандарың, қасиетті мекендерің қай Республика?

Балалар: - Қазақстан Республикасы.

- Алғашқы Президент кім?

Балалар: - Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев

- Отандарыңның астанасы қай қала?

Балалар: - Астана қаласы.

- Елдеріңіз өзінің қандай қасиеттерімен айбатты?

Балалар: - Әнұран, Туы, Елтаңбасымен.

- Өте жақсы. Осы елдің бақытты ұл - қыздары екендеріңді қалай дәлелдейсіңдер?

Тақпақтар;

1. Арман:

Туған жерім сағынарым

Мәңгі - бақи шырқалады

Республикам, Әнұраным

2. Айару: Елтаңбасы елімнің

Неткен көркем, әдемі

Тұнығындай көңілдің

Ортада аспан әлемі.

Дидактикалық ойын; «Рәміздерді дұрыс орналастыр».

Мақсаты: Балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру, рәміздерді ажырата білуге, түстерін ажыратуға уйрету.

Тәрбиеші:

- Балалар, сендер сүйікті Отанымыздың қасиетті белгілерін біледі екенсіңдер. Онда Отан дегеніміз не?

Балалар: - Отан дегеніміз біздің әке - шешеміз, туған туыстарымыз, ауыл қалаларымыз, өзіміз туып - өскен жеріміз.

Тәрбиеші:- Балалар, халқымыздың батыр ұлы Бауыржан Момышұлы айтқан екен:

«Отан үшін отқа түс, күймейсің», - деп. Басқа да батыр ағаларымыз, апаларымыз

«Отан» деп жырлаған, қорғаған, қастерлеген және Отан үшін өмірлерін қиған екен.

Біз де осы ата - апаларымыз сияқты Отанымызды қорғауымыз керек. Отан үшін еңбек ету керек.

- Сендердің еңбектерің – сендердің жақсы, тәртіпті бала болғандарың.

«Дидактикалық ойын: «Тудың күн шуақтарың орналастыр»

Балалар туудың шуақтары арқылы тілектерің аитып қорытындылау.Мадақтау.

